

1 Жоспарлы сақтандыруды ұйымдастырудың ғылыми негіздері.

а) Жоспарлы сақтандыру шараларын ұйымдастырудағы түсініктеме және оның мақсаты.

б) Жұқпалы емес ішкі аурулардан жалпы және жеке сақтандыру.

в) Диспансеризацияның шарш-да??? жалпы сақтандыру әдісі ретінде қолдану.



Жалпы сақтандыру дегеніміз – зоотехникалық мал дәрігерлік шараларды жүйелі жүргізу арқасында конституциясы берік, зат алмасуы, резистенттілігі жоғары және өнімділігі мол мал тобын құру.



Диспансеризация дегеніміз – бұл бағытталған диагностикалық емдік – сақтандыру шараларын жүргізу нәтижесінде ауру малдың ерте субклиникалық және клиникалық белгілерін таба білу, малдарды аурудан сақтандыру және оларды емдеу болып табылады.



Диспансерлік тексеру бойынша шар-да ұйымдау, зоотехникалық, сақтандыру және емдік шаралар жүргізіледі. Диспансеризация жылына 2 рет жүргізіледі күзде және көктемде.

Диспансеризация шаралар: жануарларды клиникалық, лабораториялық ( қан, несеп, сүт т.б.) зерттеулер, азықтандыру, қора-жайдың және жануарды пайдалануда жағдайын талдау.



Ішкі ауруларды емдеудің жалпы принциптері, әдістері.

Емдеудің негізгі жануарлардың толық жазылуы, өнімділігін қалпына келтіру және таза, зиянсыз жоғарғы өнім алу.

Заманауи терапияның негізгі принциптері:

- а) профилактикалық;
- б) физиологиялық- ағзаның қорғаныс қызметін жоғарылауға, улы заттарды ыдыратуға қарсы тұруына жоғары бағытталған;
- в) кешенді;
- г) белсенді және экономикалық бағыттағы;



Жүрек – қан тамыр жүйесінің аурулары  
Жүрек қан тамыр жүйесінің аурулары 4  
топқа бөлінеді:

1. Перикард аурулары
2. Миокард аурулары
3. Эндокард аурулары және жүрек ақаулары
4. Қан тамырларының аурулары

Жануарларда көбінесе жарақаттанған  
перикардит және миокардоз кездеседі.



1. Перикардит – жүрек қабының қабынуы –  
Өтуі: жіті жіне созылмалы себебіне  
байланысты : жарақатты туындаған(аусыл,  
туберкулез, тілме, оба, плеврит)

Патогенезі: жүрек қабының қуысында  
жиналған экссудат коронарлық тамырды  
қысады, сол себепті жүрек етінің қоректенуі  
бұзылады. Үлкен қан шеңберінде қан  
іркілгенділіктен қан тамырларының  
қабырғасы кеңейеді, соның салдарынан ағза  
жасушаларында трансудация болады.  
(Шемен)



## Жүрек бұлшық етінің аурулары

- а) миокардиодистрофия;
- б) миокардиодегенерация;
- в) миокардит

Миокардит- жануарларда жіті инфекциялық-интоксикациялық сипаттағы аурудың салдарынан дамиды. Клиникалық белгілері: Жүрек соғысы жиілейді, бұлшық ет тонусы төмендейді, мал әлсірейді, шеткі қан айналымы бұзылады. Миокард жіті өтеді.





Миокардиттің емі: малды тыныштықта ұстап, әр 2-3 сағатта камфора майын егу керек.

Артериялық қысым төмендегенде күніне 1 рет кофеин егу қажет. 40% глюкоза ерітеді.

Миокард дистрофиясы- азықтандырудың ұзақ уақыт бұзылуынан дамидын созылмалы және жіті түрдегі азықтық уланудан, инвазиялық токсикоз кезінде дамуы. Созылмалы түрде өтеді



Эндокардит – ірінді процесстермен дамидын аурулардың салдарынан пайда болады. (эндометрит, пневмония, колибактериоз, пастереллез, тілме)

Клиникалық белгілеріне байланысты: систолла, диастоллалық шулар пайда болуы. Пульс жиі, әлсіз және аритмиялық байыпты. Үлкен және кіші қан айналымында іркілулер пайда болады.

